

"Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 1 қазандағы № 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 қазанда № 37032 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларында:

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Пойыздарға теміржол жылжымалы құрамы қойылмайды:

тексеріліп, пайдаланылуға жарамды деп танылғанға дейін рельстен шыққан;

тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз етпейтін, сондай-ақ олардың жүк көтергіштігінен тыс тиелген немесе тиеудің техникалық шарттарын бұза отырып тиелген вагондардың жай-күйі;

2025 жылғы 1 қазаннан кейін қызмет мерзімін ұзарту бойынша жұмыстар орындалған жүк вагондарын қоспағанда:

1) шаруашылық поезддарға қосылатын және теміржол жолдарының құрылыстары мен құрылыстарын күтіп ұстау, оларға қызмет көрсету, жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған арнайы теміржол жылжымалы құрамы;

2) өрт сөндіру және қалпына келтіру поезддарының вагондары;

3) тасымалдауға арналған вагон-цистерналар: фосфор шикізаты, Ұнтақ тәрізді жүктер, қышқылдар, балқытылған күкірт; меласса; шарап материалдары; гептил; амил; сірке қышқылы; улы химикаттар; алкилбензолсульфоқышқылдары; Меланж; сүт; поливинилхлорид; каплорактам; суперфосфор қышқылы; сульфанол; тамақ майы; көмірқышқыл газы;

4) думпкары вагондары;

5) тасымалдаушылар вагондары;

6) теміржол жылжымалы құрамын жаңғырту жолымен қызмет мерзімдерін ұзарту бойынша жұмыстар орындалған жүк вагондары;

7) автомобиль тасымалдаушы вагондары (тор).".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін;

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы*

Ж. Тайжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі